

Әкімдіктің 2015 жылғы 05 ақпандағы № 239 "2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 2387 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 қыркүйекте № 5918 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 3594 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 25.12.2015 № 3594 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.11.2015 бастап туындаған қатынастарға таралады).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1)-тармақшасына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 05 ақпандағы № 239 «2015 жылға арналған Қостанай қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5384 тіркелді, «Наш Қостанай» газетінде 2015 жылғы 17 наурызда жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыға 1 қосымша осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары Р. Х. Каркеновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ә к і м н і н

міндеттерін атқарушы **Қ. Сәндібеков**

Қостанай қаласы әкімдігінің

2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 2387 қаулысына

№ 1 қосымша

Қостанай қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 5 ақпандағы № 239 қаулысына
№ 1 қосымша

**Республикалық бюджет қаражаты есебінен
қаржыландырылатын, Қостанай қаласының мектепке дейінгі
білім беру ұйымдарындағы 2015 жылға арналған мектепке дейінгі
тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын,
жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың
ақы төлеу мөлшері.**

№ р/ с	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары тәрбиеленушілерінің саны		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-аналарының бір айдағы төлем мөлшері (теңге)					
		Білім беру ұйымдары базасында ұйымдастырылған шағын орталықтар		Мектепке дейінгі ұйымдар	Білім беру ұйымдары базасында ұйымдастырылған шағын орталықтар		Мектепке дейінгі ұйымдар	Білім беру ұйымдары базасында ұйымдастырылған шағын орталықтар		Мектепке дейінгі ұйымдар	
		Толық күндік	Жарты күндік		Толық күндік	Жарты күндік		Толық күндік	Жарты күндік		Бөбекжай топтар (3 жасқа дейін)
1	Қостанай қаласы	50		3903	12740		20123	10227		8274	1